

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1644-1700, 1682-1789, 1750-1813...

БЕРІСІ АҚТӨБЕ МЕН АТЫРАУДАН, ӘРІСІ МАҢҒЫСТАУДАН, ҚАРАҒАНДЫ МЕН ОРАЛДАН... ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСУҒА СЕБЕПКЕР БОЛҒАН АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ДҮНИЕ ЕСІГІН АШҚАН ШАҚТАРЫ МЕН ЖАЛҒАН ДҮНИЕДЕН КӨШКЕН МЕЗЕТТЕРІ, БІРДЕ ШАМАМЕН ЖОБАЛАҒАНДА, БІРДЕ ЕМІС-ЕМІС ТАСҚА БАСЫЛҒАН ДЕРЕКТЕРМЕН КЕСКІНДЕГЕНДЕ, МИНЕ, ОСЫНДАЙ-ОСЫНДАЙ ЖЫЛДАРМЕН ТАҢБАЛАНҒАН ЕКЕН. МЫНА 2012 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРҚАСЫНАН ҚАРАҒАН ШАҚТА, КӨП БОЛСА ТОҚСАННАН АСЫП ЖЫҒЫЛАТЫН АЖАЛДЫ ПЕНДЕЛЕР ҮШІН, БҰЛ ТЫМ ҚЫРУАР УАҚЫТ. СОЛ ҚЫРУАР УАҚЫТТАН БЕРІ ОСЫ ЕРЕК ТУҒАН АСЫЛ НӘСІЛДЕРІМІЗДІҢ БІЗДІҢ ЖАДЫМЫЗДА ЖАҒЫРМАҒАН КЕЗІ ЖӘНЕ ЖОҚ.

Ықыпас жаңбыры

Өткен сенбі күні Ұлы Жем бойындағы Кең Жылой өңіріне, Бақашы қорымына табаны тигендер ата-бабаларымыз ерекше мейірімге пайықтылар екендігіне тағы бір төңті болды.

Біздің біраз өңірлерімізде секілді бұл аймаққа да көптен тамшы тамбапты. «Көктем келгелі солай еді», — деп қояды жолбасшыларымыздың бірі.

Сол күні шақырайған күн сәулесін алашабыр бұлттар әлсін-әлсін көлегейпей берді, әуелі ұсақ тамшылар сіркіреді, сосын жаңбыр жауды.

«Әжібай би, Арал батыр кесенесі салынғалы, міне, тоғызыншы рет ас беріліп отыр екен. Ылғи сол межелі күн басталған шақта ауа райы оң қабақ таныта қояды, не ми қайнатар аптаптың, не ызындаған аңыздық желдің берекемізді алған кезі жоқ», — дейді көнекөз куәгер.

Тағы бір әңгіме есте қалды: «Быттыр Бекет атаның 260 жылдығына арналып Ақмешітке ұланасыр ас берілгеннен күллі қазақ хабардар ғой. Сонда дейміз-ау, пәленбай киіз үй тігіліп, пәлен мыңдаған адам жиналған шақта қатты қобалжыдық. Шіліңгір ыстықта жан-жақтан құйылған қонақтарымыз жан қоярға жер таба алмайтын шығар деп мазамыз кетті. Жоқ, олай болмады. Күн көтеріле кәдімгіше жаңбыр жауып өтті де, ауа тазарып, алқап рахаттанып қалды. Түс әлпетінде ме екен күн қайтадан ыси бастап, борпылдақ ақ топырақ желпілдегісі келгені сол екен, тағы да өткініш жауын төлеп өтті. Әнеки, аталарымыздың Алла жебеген рухының мейірімі сондай ғой».

Құлсарыға тоқтаған пойыздың екі вагонынан сауылдап түсе қалғанымызда, вахталық жұмысқа келе жатқан Абылайдың бұл жақтағы аптаптың ерекшелігі туралы айтқан әңгімелері ойыма орала қалған еді. Вокзал басы, ертеңгілік болған соң ба, қоңырсамай есіп тұрғандай көрінді. Аудан орталығынан 17 шақырым шамасындағы Бақашы қорымындағы Әжібай би мен Арал батыр кесенесіне барғанымызда да вахтасы туыстың айтқан ыстығына және ұрына қоймадық. Жоғарыда айтқанымыздай, бірер бұлттар келіп-кетіп жүрді, жайлы самал желпіді...

Оянған қеректер

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізілгені отырған әулие Бекет атаны, оның шәкірті Құлшан атаны, Әйтеке мен Әжібай билерді, Арал Наурызәлі, Алтай, Ботагөз батырларды еске алу асына шақыру қағазын алғандарға түсініксіз ештеңе де жоқ еді.

«Мединеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет, Маңғыстауда — Пір Бекет» деген байламға көзі тірісінде ие болған ағартушы, батыр, қолбасшы, ойшыл, сәулетші Бекет Атаны әйтпесе осы Бекет атадан дәріс алған, Бекет атамның өзі «Ақмешітке зиярат жасап келушілер жолай жиенім Құлшан бейітіне соғып, дұға оқып өтсін» деп тапсырған делінетін, қажылық сапарға әйгілі Құнанбаймен бір мезгілде барған Құлшан әулиені кім білмейді?!

Қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері, 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде әуелі Ордабасыда, одан соң Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын

өткізілетін үш жүздің игі жақсылары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрған, энциклопедияшылар «Жеті жарғыға» «Сүйек құны», «Өнер құны» баптарын ұсынғанын жазып жүрген Әйтеке би мен сол Әйтеке биден бата алған дереккөздердің айтуынша, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін еліміздің батыс өңіріндегі халықтың Қаратаудан атамекенге түзеген көшін бастап келген қажет кезде атқа мініп, жауға шапқан, Жем, Сағыз бойларын қалмақтардан қорғауға қатысқан жұттан аман сақтап қалу үшін елін Жайықтың оң жақ бетіне көшірген қазақтың Ресей боданына айналмауының қамын ойлап, екі ел арасында ара ағайын болған орыс елшісі А.И.Тевкелев кез келген мәселеде санасып отырған, жер, жесір, құн дауы тәрізді дау-дамайларды шешуде қара қылды қақ жаратындығымен халық құрметіне бөленген Әжібай би туралы деректер де осы күні мол кездеседі.

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында заңғар жазушымыз Әбіш Кекілбаев республикамыздың бас газетінде «Әйтеке би» атты құнды дүниесін жариялап, онда: «... Алтай мен Тарбағатайды, Ертіс пен Баянауылды босатып алуда Бөгенбай мен Қабанбай, Олжабай мен Жасыбай не істесе, Жетісу мен Алатауды қайтарып алуда Наурызбай мен Райымбек, бір жағы Маңғыстау, бір жағы Еділ мен Тобыл аралығындағы ұланғайыр өлкені қайта иемденуде Жәнібек пен Бөкенбай, Есет пен Арал Есек пен Әжібай соны істеді... Сол жылдардағы күрестердің арқасында ғана қазақ елі Атыраудан Алтайға, Тобылдан Қордайға дейін созылатын қазіргі мемлекеттік территориясына ие болып отыр. Оны ұмыту — бәрін ұмыту. Оны сыйламау — ештеңені сыйламау», — деп жазған болатын.

Расын айтсақ, ұмыттыруға да, сыйлатпауға да бағышталған империялық пиғылдағы зор әрекеттер жасалып-ақ бақты. Бірақ, бағымызға қарай, сол жұрттың өзі кейін уранға шығарғандағыдай, «ешкім де ұмытылған жоқ, ештеңе де ұмытылған жоқ».



Зерде әлеуі.

Әжібай бидің інісі, жоңғарларға қарсы соғыста 10 мыңға дейін жеткен біріккен қолды басқарған ерліктері, айталық, «Сабалақ» дастанында суреттелген қазақ елінің Ресейге бодан болуына қарсылық білдіріп, ант беру құжатына қол қоюдан бас тартқан Арал батырдың немесе 1791 жылдан бастап Жайық бойындағы орыс-казактарға қарсы қарулы әскерді басқарған, Сырым бастаған ұлт-азаттық күреске қатысқан, М.П.Вяткиннің Сырым батыр туралы белгілі еңбегінде молда Абдул Фатих Абдул-Салимовтың Орынборға «Кете Наурызәлі, табын Елекбай, Бармақ, беріш Мамынбай, Сары, есентемір Мыңбай батыр 500-600 адамды жинап, Сырыммен орыс шептерін шабуға келісті» деп хабарлағанын баяндайтын тұста есімі аталатын Наурызәлі батырдың әйтпесе XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қиын-қыстау кезеңде қазақ еліндегі саяси оқиғаларға белсене араласқан, қалмақтарға қарсы со-

ғыста қол бастаған, тарихи құжаттарда Әбілқайыр хан тапсырмасымен Орынборға барған елшілер құрамында болғаны таңбаланған есімі ағылшын суретшісі Джон Кэстль жазбаларында аталатын 1742 жылы қазақ және қалмақ арасында бір ұрпаққа дейін соғыс ашпау туралы бітім жасауға қатысқан Алтай батырдың қайраткерліктерін біз «шаң басқан архивтерден» енді тауып жатырғанымыз да рас.

Ал Тама Есет батырдың қызы, Ақкете Әжібай бидің келіні, батырлығымен де, ақылдылығымен де мәлім болған, соңында өзі аттас бұлақ қалған Ойыл өңірінде кесенесі жарқырап тұрған Ботагөз аруды кешегі Әлия мен Мәншүк туралы әңгімелегенде мысал етпей қалған кезіміз аз.

Біз, әрине, бұл ардақты тұлғалар туралы таңнан таңға дейін созып айтуға болатын әңгімелер мен деректердің тамшыдай бөлігін ғана еске салып отырмыз.

Ас

Күн көкжиектен тұсау бойы көтерілген шақта Бақашы қорымының айналасы автокөліктерге толып болды. Одан әрі қырық қадам жүрген зиярат етушілер ең әуелі Әжібай би-Арал батыр кесенесіне кіріп, кезектесе дұға арнап жатты.

2004 жылы 4 қыркүйекте Қапес Ыбырайұлының ұйымдастыруымен Жыпай азаматтарының күшімен салынған кесене сол кезде көргеніміздей ажарлы қалпында екен. Аялы алақандар бабалар ордасына шаң типізбейтіні байқалып-ақ тұр.

Кесене ішінде, ең алдымен екі тақта назарға түседі: «Әлім Кете Болпашұлы Әжібай би. 1680-1790»; «Әлім Кете Болпашұлы Арал батыр. 1682-1789».

2004 жылы қалың жұрттың алдында «Келер ұрпаққа аманат» мәтіні оқылып, кесененің ішкі қабырғасына қаланғаны мәлім. Бұл да үміт шырағын жағатын тақтаға айналыпты.

Ақмешіт



«2004-2054. Келер ұрпаққа аманат. Ашылуы 2054 жыл».

Абыр-сабыр жұрттың бас-аяғы жиналып болған соң, ас беру рәсімінің алғашқы бөліп басталды.

Жылой аудандық ардагерлер кеңесінің өкілі өуелгі сөзді баяндамашыға ұсынды. Ақтөбе облыстық тілдер басқармасының бөлім бастығы Алматы Пангереев тыңдаушыларды жалықтырмайтын, қысқа, бірақ есте ұсталып қалатын мөлшердегі нақпа-нақ қамтылған баяндама әзірлеген екен. Дыбыс күшейткіш арқылы анық тараған әр деректі қауылаған жұрт қыбыр етпей тыңдады. Әрине, бұл барлық жұртқа дерлік әрқилы дәрежеде таныс қайырымдар. Дегенмен жаныңа жақын сол бір сөйлемдер қанша рет қайталанса да жад-жүрек жаңғыра беретін секілді.

Баяндамадан соң әр өлкеден келген өкілдерге сөз берілді. Ақтөбелік профессор, философия ғылымының докторы Алтай Тайжанов, ақтөбелік зейнеткер Ағыбай Бердімұратов, Қарағанды қаласының тұрғыны Әсет Айсұлтан, Маңғыстау облысының Жыней қаласынан келген аудандық газет қызметкері Беркімбаев Дарабаев, Атырау облысының Құрманғазы ауданынан келген Физатолла Мұрсалиев, жылойлық Бекет Құрымбаев, тоғыз жылдан бері осындай шаруаны ұйымдастырудың басы-соңында келе жатқан құпсарлық қадірлі азамат Досмұхан Бердәулетұлы, осылардың қай-қайсысы да осы ас беріліп жатқан ата-бабалардың ұрпақтары еді.

Сөз алғандардың бірі, Әжібай бидің жетінші ұрпағы, Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау өлді мекенінен келген Темірғали Жантасов: «Бұл асқа біз Әжібай атамның баласы Барсайдың үш ұлынан — Ернарардан, Құлнарардан, Қабылдан тараған ұрпақтар келіп отырмыз», — деп өрбітті әңгімесін. Ал Ақмешіттің имамы Ислам қажы Мырзабекұлы — Бекет атаның алтыншы ұрпағы екен.

Ақ шарбы бұлттар жүзіп жүрген аспан астында бір сағатқа жуыққа созылған мәжіліс әңгіменің соңы болған жоқ. Одан соңғы сөз керегесі кең тартылған үш ақшаңқан шатыр-үйдің астында ас үстінде жалғасты. Қонақ қабылдаушылардың айтуынша, көзек-көзекпен жеті күздей адам дәм татқан ас барысында елдік пен ерлікті өзек еткен шынайы лебіздер, құрметтер мен ізеттер, бірдей киінген 25 көлінің сыйпайы қызметтері ескілікті оқиғаларды дәмділеп бейнелейтін жазушылардың шығармаларын еске оралтып еді.

Асты ұйымдастырушы ақтөбеліктердің ұйғарымымен осы ақ дастар-

қан үстінде Бекет ата мен Құлшан өулиеге, Әйтеке биге, Әжібай би мен Арал батырға, Наурызәлі, Алтай, Ботагөз батырларға арналып жеке-жеке құран оқылды. Әсем киінген әр жас молданың өуезді үндері жүрек жылытты, көңіл толқытты.

Бақашы қорымындағы еске алу жоралғысы аяқталған соң көліктер қайта қозғалып, тағы да жолға түсті. Әр қиырдан келген қонақтар өуелі Құлшан атаға тағзым жасады. Содан соң сәл өріректегі Ақмешітке барды. Бекет ата осында дүниеге келіп, дөріс беруді осында бастапты. Сондай-ақ Ақмешіт — Бекет атаның өкесі Мырзағұлдың, шешесі Жәнияның, атасы Жаналының, баласы Тоғайдың жатқан жері.

Бір ғажабы, көлген жұрт мешітке кіріп, құран оқытып, сыртқа қайта шығып жатқан кезде, кенет ыстық ауаны жарып өтіп, бармақтай-бармақтай тамшылар жауып көп берді.

Түпін

Көргендерімізді осымен аяқтасақта болар еді, бірақ осыдан бір жыл бұрын келесі ас беру рәсімін ақтөбеліктер өз мойындарына алатынын мәлім етіп, сол шаруаны соңына дейін жеткізуді тынымсыз басқарған азамат Игілік Сағиев туралы бірер лебіз айтпай кетуге болмайтын да сияқты. Оның бір себебі, жылойлықтар кезінде Әжібай би, Арал батыр көсенесін тұрғызу барысында Ақтөбеден жиі барып, үнемі хабарласып, қолынан келген көмектің барлығын



Игілік Сағиев

жасаған осы азаматты сыйлап жүрімізді бізге ерекшелеп тапсырды. Игілік Барсайұлы, өрине, біздің жақтың жұртына бұған дейін де сыйсыз емес-ті. Қаратау би мен Ботагөз арудың кесенелерін салуды қолға алып, барлық ұйымдастырушылық істерді тынымсыз атқарған азаматқа айтылған алғыстар да көп еді. Көрші ауданның игі жақсылары да сол қадірлі жанды анық таныпты. Бұл да мерей. Оның үстіне вокзалға табанымыз тигеннен үйімізге оралғанға дейінгі аралықтың бәрінде Игілік Барсайұлының жылы қамқорлығын үнемі сезініп жүргенімізді және қалай жасырайық.

Тағы бір жайтты және айта кеткен жөн. Ақтөбелік Сағынай қажы Құсайыновты, «Бекет ата» кітабын екі дүркін, екі тілде көркемдеп шығарған «Нобель» баспаханасының директоры Нұрлан Жұмағалиевты, профессор Алтай Тайжановты осы сапарда Ақмешіттің имамы Ислам қажы Мырзабекұлы Алғыс хатпен марапаттап, «Бекет ата» төсбелгісін тақты.

Ал бұл сапарымыздан не түйдік? Қысқаша ғана айтқанымыз жөн секілді.

Өкінішке қарай, «у ішсе, руымен ішетін», қысылтаянда «атасы басқа аттан түс, атасы бірге атқа мін» дейтін заманды біз көрген жоқпыз. Біздің көргеніміз, тарих пендерінен оқығанымыз — мемлекеттілікті берік ұстап тұрған өрідегі ел билеу жүйесі жоққа шығарылып, дала демократиясымен сусындаған хан билігі, сұлтан билігі жойылып, ұлы Абай шошыған «партияшылдық», «болысшылдық», «топшылдық» дерттері өтек жайған көр заманның сұлбалары. Бұл сұлбалардан арылудың бір жолы, сірә, өткен күндердің тағылымдарын өлсін-өлсін қайтадан зерделеп жүру шығар.

Ертай АШЫҚБАЕВ,
Ақтөбе — Құлсары.

«Нобель» баспаханасының директоры Нұрлан ЖҰМАҒАЛИЕВ түсірген суреттер пайдаланылды.

